

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына,
«Nur Otan» партиясының
фракция мүшелеріне
(Е. Саиров, Е. Бейсенбаев,
Е.Жаңбыршин, С. Мусабаяв)**

*2021 жылғы 22 қыркүйектегі
№ ДС-269 сауалға*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Үкіметі Сіздердің балық шаруашылығын дамыту мәселелері жөніндегі депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Бүгінгі күні балық өсіру басым бағыт болып табылады. Сондықтан табиғи су айдындарының балық ресурстарын сақтауды қамтамасыз етумен қатар, балық аулаудан балық өсіруге біртіндеп көшу бойынша шаралар қабылдануда.

Айталық, Үкіметтің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 208 қаулысымен Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілді. Бағдарламаның он жылдық кезеңге арналған негізгі индикаторы балық өсіру көлемін жылына 9-дан 270 мың тоннаға дейін ұлғайту болып табылады. Ол үшін 1283 жаңа балық шаруашылығы құрылады.

Көл-тауарлы балық өсіру шаруашылықтары желісін кеңейту үшін ағымдағы жылдың соңына дейін конкурсқа 300-ден астам су айдыны қойылады және тағы 330-ға жуық кәсіпшілік су айдыны балық өсіру шаруашылығын жүргізу үшін ауыстырылады, бұл жылына 27 мың тоннаға дейін балық өсіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, тұйық сумен қамтамасыз ететін қондырғыларда, сондай-ақ бассейндік, тоған және тор қоршамада шаруашылықтарында балық өсіру бойынша 19 ірі жобаны іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жедел ақпарат бойынша, бүгінгі таңда жұмыс істеп тұрған 288 балық өсіру шаруашылықтары 9,5 мың тонна тауарлық балық өсірген, жоспар бойынша 12,8 мың тонна.

Заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту, қаржылық қамтамасыз ету және салықтық преференциялар арқылы балық өсіру шаруашылығын және экспорттық әлеуетті ынталандыру туралы

Бағдарламаның көзделген индикаторларына қол жеткізу мақсатында балық шаруашылығы саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау шаралары көзделген.

Мемлекеттік қолдау балық шаруашылығы мен азық өндіруге салынған инвестициялардың 25%-ын өтеу, сондай-ақ азықты сатып алу кезіндегі шығыстардың 30%-ын субсидиялау түрінде жүзеге асырылады. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 23 маусымдағы № 190 бұйрығымен шығыстардың 50%-ын өтеу бойынша: балық өсіру-биологиялық негіздемелерге; балық өсіру материалы мен дәрілік препараттарды сатып алуға; бағалы балық түрлерінің жөндеу-аналық табындарын сатып алуға және күтіп-ұстауға субсидиялардың жаңа түрлері енгізілді.

Ағымдағы жылы жергілікті бюджетте облыс әкімдіктерімен балық шаруашылығын субсидиялау үшін 508,9 млн.теңге қарастырылған, оның ішінде балық шаруашылықтарымен 300 млн. теңгеден астам қаражат алынды.

Бүгінгі таңда кәсіпкерлердің өңделген балық өнімдерінің рентабельділігін ескере отырып, бір килограмна субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау бойынша ұсыныстары пысықталуда. Тиісті есептеулер балық өңдеу кәсіпорындарымен бірлесіп дайындалуда.

Балық шаруашылығын дамыту мақсатында заңнамалық деңгейде мынадай шаралар қабылданды:

- Бұрын балық аулау үшін бекітілген балық шаруашылығы су айдындарын балық өсіру санатына ауыстыру қағидалары бекітілді;

- балық шаруашылығын жүргізу үшін 49 жылға шарт жасасудың белгіленген мерзімі бекітілді (бұрын 5 жылдан 49 жылға дейін болған);

- Даму жоспарлары шеңберінде балық өсірушілерге қойылатын артық талаптар алынып тасталды.

2021 жылғы 2 қаңтардағы Экономикалық өсуді қалпына келтіру және 2021 жылғы 1 сәуірдегі Өнеркәсіптік қауіпсіздік, индустриялық аймақтар, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, энергетика, табиғи монополиялар және ішкі істер органдары қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдері мәселелері жөніндегі заңдар шеңберінде:

- бизнес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде балық өсіру шаруашылықтарын салу кезіндегі шығындарды өтеуден босатылды;

- су қорғау белдеуінде балық өсіру шаруашылықтарын орналастыру бойынша шектеулер алынып тасталды;

- кәсіпшілік балық аулау субъектілеріне бекітілген су айдындарында тор шаруашылығын ұйымдастыру құқығы берілді;

- балық өсіру тоғандары мен бассейндерін салу кезінде жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу және мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алу бойынша талаптар алынып тасталды.

Мемлекеттік органдардың келісу сатысында тұрған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнесті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына мынадай түзетулер енгізілуде:

- су қорғау белдеуінде құрылыстарды орналастыру (мысалы, жағалаудағы тор шаруашылығы үшін күрделі емес құрылыстар қажет-бұл жұмысшыларға, балық жемін, дәрі-дәрмектерді, құрал-саймандарды және жүзу құралдарын сақтауға арналған тұрмыстық үй-жайлар);

- мемлекеттік орман қоры және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар аумағындағы су айдындарында балық өсіру мүмкіндігі;

- инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде конкурс өткізбей су айдындарын бекіту.

Мемлекет басшысының ағымдағы жылғы 22 қыркүйекте Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында берген тапсырмасын орындау үшін балық өсіру шаруашылықтарының қызметінде тәуекелдерді сақтандыруды енгізу мәселесі бастама алуда.

Сонымен бірге акваөсіру субъектілері үшін Салық кодексіне сәйкес арнайы салық режимі қолданылады, ол бойынша салықтар 70 %-ға төмендетілді.

Бұдан басқа «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде кредит беру үшін мынадай қызмет түрлері көзделген: акваөсіру, балық аулау, балықты қайта өңдеу және консервілеу. Кәсіпкерлерге 6 %-ға дейінгі сыйақы мөлшерлемесі бойынша қарыз беріледі.

Сондай-ақ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ желісі бойынша балық өсіру саласындағы, оның ішінде экспорттық әлеуеті бар инвестициялық жобаларды кредиттеу қолжетімді.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1128 бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес балық өнімдерін экспорттаушыларға өтеуге ұсынылған соманың 50 %-на дейінгі шығындары өтеледі.

Мәселен, отандық өңделген тауарларды ілгерілету мақсатында өтеу тауарларды жеткізуге және тасымалдау бойынша қызметтерді төлеу (автомобиль, теміржол, әуе, теңіз көлігі) және тасымалдауды ұйымдастыру, шетелдік сертификаттаудан, аккредиттеуден, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін тексеруден өтуге, айрықша құқықтар объектілерін пайдалануға рұқсат алу рәсімдерін (франчайзинг) жүргізуге байланысты шығындармен және басқаларымен жүргізіледі.

Қазіргі уақытта су ресурстарын нақты пайдаланғаны үшін төлемақыны төмендетуден бюджеттің шартты шығындарын есептеу жүргізілуде. Айталық, балық өсіру үшін суды пайдаланатын пайдаланушылардың тізбесі және балық тоғандарынан топыраққа булану және сүзу түрінде су ысырабының көлемі нақтылануда. Аталған есептеулер балық өсіру маусымының қорытындылары бойынша ағымдағы жылдың қараша-желтоқсанын айларында ұсынылуы мүмкін.

Балық шаруашылығын ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету туралы

Ғылыми қамтамасыз ету мақсатында бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде 2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджетте шамамен 3 млрд.теңге көзделген, бұл балық өсірудің тиімді технологияларын енгізуге, отандық балық азықтарының жаңа рецептураларын әзірлеуге және каспий итбалығы мен бекіре тұқымдас балық түрлерінің популяциясын сақтау жөнінде шаралар әзірлеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Балық өсіруді кәсіптік оқыту жүйесі бөлігінде Бағдарламамен 2030 жылға дейін балық шаруашылығы саласындағы 4000 маманды, негізінен балық өсірушілерді даярлауға гранттарды жыл сайын ұлғайту көзделген.

Мәселен, 2020-2021 оқу жылында жоғары оқу орындарындағы гранттар саны 126 орынға дейін ұлғайтылды, сондай-ақ арнайы орта оқу орындарында бүгінде 222 студент білім алуда.

Бүгінгі күні «Балық шаруашылығы» мамандығы бойынша оқыту 6 жоғары оқу орнында (*Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті және Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті*) және 7 колледжде жүзеге асырылады.

Балық өсіру жүйесіне қатысатын су объектілері мен экожүйелерді қорғау жөніндегі жұмысты күшейту, табиғат пайдалану ережелеріне сәйкестікке мониторинг және талдау жүргізу туралы

Уәкілетті орган су объектілерін пайдалану кезінде балық өсіру шаруашылықтарының табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды тұрақты жүзеге асырады.

Мәселен, тоғандарда балық өсіру үшін жер үсті суларын пайдалану кезінде балық өсіру нормативтеріне сәйкестігіне гидротехникалық, токсикологиялық, микробиологиялық және ихтиопотологиялық зерттеулер жүргізіледі.

Балық өсіретін шаруашылықтардың құрылысы мен оларды пайдалану қоршаған ортаға зиян келтірмейтінін атап өткен жөн, өйткені балық өсіру үшін пайдаланылатын суға қойылатын талаптар өте жоғары және судың химиялық құрамының рұқсат етілген шекті көрсеткіштерінің нормативтеріне сәйкес шаруашылық-ауыз су мақсатындағы суға қойылатын талаптарға теңестірілген. Сондықтан балық өсіру шаруашылықтары балықты рұқсат етілген шекті көрсеткіштерге сәйкес суда өсіруге міндетті.

Жоғарыда баяндалғанды негізге ала отырып, Сіздер қозғаған мәселелер өте өзекті және Үкімет тарапынан жіті бақылауында болатынын атап өткен жөн.

Жалпы, балық шаруашылығын дамыту экономиканың осы секторында жұмыс істейтін бизнесті дамытуға оң ықпал етеді, негізінен ауылдық жерлерде қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Р. Скляр

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам фракции «Nur Otan»
(Е. Саиров, Е. Бейсенбаев,
Е.Жанбыршин, С. Мусабаяев)

На № ДС-269
от 22 сентября 2021 года.

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно развития рыбного хозяйства, сообщаем следующее.

На сегодня приоритетным направлением в сфере рыбного хозяйства является рыбоводство. В этой связи принимаются меры по постепенному переходу от рыболовства к рыбоводству с обеспечением сохранения рыбных ресурсов в естественных водоемах.

Так, постановлением Правительства от 5 апреля 2021 года № 208 утверждена Программа развития рыбного хозяйства на 2021 - 2030 годы (далее - Программа). Основным индикатором Программы на десятилетний период является увеличение объемов выращивания рыбы с 9 до 270 тысяч тонн в год, что предусматривает создание 1283 новых рыбоводных хозяйств.

Для расширения сети озеро-товарных рыбоводных хозяйств до конца текущего года на конкурс будут выставлено более 300 водоемов и ещё порядка 330 промысловых водоема переведены для ведения рыбоводства, что позволит выращивать до 27 тысяч тонн рыбы в год.

Вместе с тем ведутся работы по реализации 19 наиболее крупных проектов по выращиванию рыбы в установках с замкнутым водообеспечением, а также в бассейновых, прудовых и садковых рыбоводных хозяйствах.

По оперативной информации на сегодня действующими 288 рыбоводными хозяйствами выращено 9,5 тысяч тонн товарной рыбы, при плане 12,8 тысяч тонн.

О стимулировании рыбоводства и экспортного потенциала путем совершенствования законодательства, расширения мер господдержки, финансового обеспечения и налоговых преференций

В целях достижения намеченных индикаторов Программы предусмотрены меры государственной поддержки предпринимателей, занятых в сфере рыбного хозяйства.

Господдержка осуществляется в виде возмещения 25 % инвестиций в рыбное хозяйство и кормопроизводство, а также субсидирования до 30 % расходов при покупке кормов. Кроме того, приказом Министра сельского хозяйства от 23 июня 2021 года № 190 введены новые виды субсидий по возмещению 50 % расходов: на рыбоводно-биологические обоснования; на приобретение рыбовосадочного материала и лекарственных препаратов; на приобретение и содержание ремонтно-маточных стад ценных видов рыб.

В текущем году в местном бюджете акиматами областей предусмотрено 508,9 млн. тенге для субсидирования рыбоводства, из них рыбоводными хозяйствами получено более 300 млн. тенге.

На сегодня прорабатываются предложения предпринимателей по господдержке в виде субсидирования на килограмм переработанной рыбной продукции с учетом их рентабельности. Соответствующие расчеты подготавливаются совместно с рыбоперерабатывающими предприятиями.

В целях развития рыбоводства на законодательном уровне приняты следующие меры:

- утверждены Правила перевода рыбохозяйственных водоемов, ранее закрепленных для рыболовства в категорию рыбоводных;
- установлен фиксированный срок заключения Договора для ведения рыбоводства на 49 лет (ранее было от 5 до 49 лет);
- исключены излишние требования к рыбоводам в рамках Планов развития.

В рамках Закона по вопросам восстановления экономического роста от 2 января 2021 года и Закона о промышленной безопасности, индустриальных зон, животного мира, особо охраняемых природных территорий, энергетики, естественных монополий и жилищных выплат сотрудникам органов внутренних дел от 1 апреля 2021 года:

- бизнес освобожден от возмещения потерь при строительстве рыбоводных хозяйств на землях сельхозназначения;
- сняты ограничения по размещению рыбоводных хозяйств в водоохранной полосе;
- субъектам промыслового рыболовства дано право организовывать садковое хозяйство на закрепленных водоемах;
- исключены требования по разработке проектно-сметной документации и получению заключения госэкспертизы при строительстве рыбоводных прудов и бассейнов.

В рамках проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам ведения бизнеса» инициированы следующие поправки:

- размещение строений в водоохранной полосе (к примеру, для садкового хозяйства на берегу нужны некапитальные строения – это бытовые помещения для рабочих, для хранения кормов рыб, лекарственных препаратов, инвентаря и плавательных средств);

- возможность выращивать рыбу в водоемах на территории гослесфонда и в особо охраняемых природных территориях;
- закрепление водоемов без проведения конкурса при реализации инвестиционных проектов.

Во исполнение поручения Главы государства, данного на совещании 22 сентября текущего года в ходе рабочей поездки в Мангистаускую область, инициируется вопрос внедрения страхования рисков в деятельности рыбоводных хозяйств.

Вместе с тем для субъектов рыбоводства согласно Налоговому кодексу действует специальный налоговый режим, по которому налоги снижены на 70 %.

Кроме того, для кредитования в рамках программы «Экономика простых вещей» предусмотрены виды деятельности: аквакультура, рыболовство, переработка и консервирование рыбы. Предпринимателям предоставляется займ по ставке вознаграждения до 6 %.

Также по линии АО «НУХ «Байтерек» доступно кредитование инвестпроектов в сфере рыбоводства, в том числе экспортоориентированных.

Согласно Правилам, утвержденным приказом Министра по инвестициям и развитию от 30 ноября 2015 года № 1128, экспортерам рыбной продукции возмещаются затраты до 50 % от суммы, предъявленной к возмещению.

Так, с целью продвижения отечественных обработанных товаров возмещение производится с затратами, связанными с доставкой товаров и оплатой услуг по перевозке (автомобильным, железнодорожным, воздушным, морским транспортом) и по организации перевозок, прохождением зарубежной сертификации, аккредитации, инспекции субъектов индустриально-инновационной деятельности, проведением процедур получения разрешения по использованию объектов исключительных прав (франчайзинг) за рубежом и другие.

В настоящее время проводятся расчеты условных потерь бюджета от снижения платы за фактическое пользование водными ресурсами. Так, уточняется перечень пользователей, использующих воду для рыбоводства, и объемы потерь воды в виде испарения и фильтрации в почву из рыбоводных прудов. Данные расчеты могут быть представлены по итогам рыбоводного сезона не ранее ноября-декабря текущего года.

О научном и кадровом обеспечении рыбного хозяйства

В целях научного обеспечения на 2021 - 2023 годы в рамках программно-целевого финансирования в республиканском бюджете предусмотрено порядка 3 млрд. тенге, что позволит внедрить эффективные технологии выращивания рыб, разработать новые рецептуры отечественных кормов и обеспечить выработку мер по сохранению популяции каспийского тюленя и осетровых видов рыб.

В части системы профессионального обучения по выращиванию рыб Программой предусмотрено до 2030 года ежегодное увеличение грантов на подготовку до 4000 специалистов в области рыбного хозяйства, преимущественно рыбоводов.

Так, в 2020-2021 учебном году количество грантов в вузах увеличено до 126 мест, а также в средне специальных учебных заведениях на сегодня обучается 222 студента.

В настоящее время обучение по специальности «Рыбное хозяйство» осуществляется в 6 высших учебных заведениях (*КазНАУ, КазНУ им. Аль-Фараби, КазАТУ им. С. Сейфуллина, Атырауский университет им. Х. Досмухамедова, Атырауский университет нефти и газа С. Утебаева и ЗКАТУ им. Жангир Хана*) и в 7 колледжах.

Об усилении работ по защите водных объектов и экосистем, участвующих в системе рыбоводства, проведении мониторинга и анализа соответствия правилам природопользования

Уполномоченным органом на постоянной основе осуществляется государственный контроль и надзор за соблюдением рыбоводными хозяйствами требований природоохранного законодательства при использовании водных объектов.

Так, при использовании поверхностных вод для выращивания рыб в прудах проводятся гидротехнические, токсикологические, микробиологические и ихтиопатологические исследования на соответствие рыбоводным нормативам.

Необходимо отметить, что устройство и эксплуатация рыбоводных хозяйств не наносит вред окружающей среде, так как требования к воде, используемой для выращивания рыбы, очень высоки и в соответствии с нормативами предельно-допустимых показателей химического состава воды приравнены требованиям к воде хозяйственно-питьевого назначения. В этой связи рыбоводные хозяйства обязаны выращивать рыбу в воде, соответствующей предельно допустимым показателям.

Исходя из вышеизложенного, необходимо отметить, что затронутые Вами вопросы весьма актуальны и находятся на постоянном контроле Правительства.

В целом развитие рыбного хозяйства окажет положительное влияние на развитие бизнеса, занятого в этом секторе экономики, что позволит создать дополнительные рабочие места, преимущественно в сельской местности.

Р. Скляр